

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе облысы  
«Ақтөбе облысының  
білім басқармасы  
Байғанин ауданының  
білім бөлімі» ММ  
«Қарауылкелді орта  
мектебі» КММ



Республика Казахстан  
Актюбинская область  
КГУ «Қараулкельдинская  
средняя школа»  
ГУ «Отдел образования  
Байганинского района  
Управления образования  
Актюбинской области»

---

030300, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы, Құрманғазы  
көшесі 98, Тел:факс 8 (71345) 23-1-15

E-mail: [sch\\_karaulkeldy1@mail.ru](mailto:sch_karaulkeldy1@mail.ru) [sch\\_karaulkeldy1@mail.kz](mailto:sch_karaulkeldy1@mail.kz)

## БҰЙРЫҚ № 25/2

2021 жылғы 31 тамыз  
Қарауылкелді селосы

### 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары» ның 15 тармағы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 5 тарауының 71-75 тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалатындығы қатаң ескере отырып дайындалсын.**

**1.1. Аталған қағиданың талаптарын ескере отырып 2021-2022 оқу жылындағы 1-11 кластар сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілуге тиіс және осы Санитарлық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес болу керектігін ескерілсін.**

1.2. Мектепке дейінгі сыныптар күннің II-жартысында оқитындықтан оларға арналған күн режимі аталған қағиданың 2-қосымшасын басшылыққа алынсын.

1.3. Сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалып, факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарлансын.

1.4. 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі, факультатив, белсенді-қозғалмалы сипаттағы және топтық сабақтар, жаһандық құзыреттілік, электив курстар, мектепке дейінгі сыныптар сабақ кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Кисыкбасовқа жүктелсін.

Мектеп директоры:



К.М.Койшыгулова

Таныстым:

Б.Кисыкбасов